

Жарқайың ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № А-8/262 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 қыркүйекте № 1-12-135 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 маусымдағы № А-6/325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012.06.19 № А-6/325 қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзу басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) -тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**

Е Т Т І :

1. Жарқайың ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу аудан әкімінің орынбасары **Ұ. А. Ахметоваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А.Қалжанов